

Қазақ этнографиясы мен этнологиясының қалыптасу және даму тарихы - бір ғана ғылыми бағыттың эволюциясы емес, сонымен қатар қазақ халқының этникалық болмысын, мәдени коды мен өркениеттік ерекшелігін танудың ұзақ әрі жүйелі жолы болып табылады. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінен бастап XX ғасырдағы отандық этнологиялық мектептің құрылуына дейінгі кезең қазақ этнографиясының ғылыми негіздерінің біртіндеп қалыптасқанын айқын көрсетеді. П.Рычков, А.Левшин, Г.Потанин, В.Радлов секілді зерттеушілер қазақтың материалдық және рухани мәдениетін алғаш болып жүйелеп жазса, Шоқан Уәлиханов бұл бағытты жаңа ғылыми деңгейге көтеріп, қазақ этнографиясының ұлттық негізін қалады. Оның ру-тайпалық құрылым, шежіре, ауыз әдебиеті, халық мәдениеті туралы пайымдары кейінгі барлық зерттеулердің іргетасы болды.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ғылыми және саяси өзгерістер Қазақстанда этнологияның институционалдық дамуына жол ашты. 1946 жылы құрылған этнография бөлімі, ұйымдастырылған экспедициялар мен ғылыми жобалар қазақ халқына тән этномәдени ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл кезең қазақ этнографиясының деректік негізін толықтырған, Қазақстан аймақтарынан мол материал жинақталған уақыт болды. 1950-1980 жылдары Әлкей Марғұлан, Халел Арғынбаев, Марат Мұқанов, Оразақ Исмағұлов сынды көрнекті ғалымдардың еңбектері ішкі этникалық құрылым, тұрмыс-тіршілік, қолданбалы өнер, антропология, этногеография, этногенез мәселелерін ғылыми тұрғыда кешенді қарастырды. Олар өз зерттеулерімен қазақ этнологиясының ұлттық мектебін қалыптастырып, оның теориялық және әдістемелік шекарасын кеңейтті.

Тәуелсіздік кезеңі этнология ғылымы үшін жаңа серпіліс пен бағыттар ашып, идеологиялық шектеулерден арылған тың зерттеулерге мүмкіндік жасады. Этникалық жаңғыру, ұлттық бірегейлік, қазақ диаспорасының этномәдени ерекшеліктері, қазіргі этникалық процестер, мәдени трансформация сияқты тақырыптар зерттелудің жаңа бағытына айналды. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылуы - этнология ғылымының ұлттық маңызын айқындап, оның дербес ғылыми сала ретінде орнығуын қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, қазақ этнология ғылымының даму жолы - халықтың төл тарихын тану, этникалық тұтастықты сақтау, ұлттық мәдени мұраны ғылыми тұрғыда зерделеу жолындағы үздіксіз ізденістер мен іргелі еңбектердің жемісі. Қалыптасқан ғылыми мектеп, жинақталған деректер қоры, кең ауқымды экспедициялық материалдар мен теориялық зерттеулер қазіргі кезеңде де ұлттық болмысты зерттеудің берік негізін құрайды. Бүгінде қазақ этнологиясы әлемдік антропологиялық және этнологиялық ғылым кеңістігіндегі орнын нығайтып, жаңа зерттеу бағыттарымен толыққан күрделі әрі маңызды ғылыми сала ретінде дамуын жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алибек, С.Н. Этнология Казахстана: история и современность [Текст] : монография / С.Н. Алибек, С.К. Косанбаев, А.К. Бегалиева. - Алматы : Қазақ университеті, 2018.- 190 с.
2. Г. А. Мейрманова. Этнологиялық зерттеу әдістері [Текст] : оқу құралы / - Алматы : [б. и.], 2016. - 180 б.
3. Алтаев, А.Ш. История этносов Казахстана (1991-2016 гг.) [Текст] : учебное пособие / А.Ш. Алтаев. - Алматы : Қазақ университеті, 2018.- 158 с.
4. https://eo.iea.ras.ru/wp_content/uploads/2000/02/eoarchive_2000_2_173_ismagulov.pdf
5. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ресми сайты. - <https://iie.kz>
6. <https://www.elibrary.ru/defaultx.asp>

ПАВЛОДАР Өңірінің жер-су атаулары: тарихи-мәдени талдау

Зекіш Н.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

zekishnurbek@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Павлодар өңірі Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан, өзінің тарихи және мәдени мұрасымен ерекшеленетін аймақтардың бірі болып табылады. Бұл өңірдің жер-су атаулары көптеген ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың өмір салты, мәдениеті, табиғатпен байланысы мен тарихи

оқиғаларын көрсететін маңызды дереккөз болып табылады. Аномастика- яғни жер және су объектілерінің атауларын зерттеу - осы өңірдің тарихимәдени бейнесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада Павлодар қаласы, Ертіс өзені, Баянауыл таулары сияқты негізгі географиялық нысандардың атауларының шығу тарихы, мағынасы және олардың халық тарихымен байланысы қарастырылады. Атаулардың лингвистикалық талдауы қазақ тілінің даму ерекшеліктерін, сонымен қатар өңірде түрлі халықтардың ықпалын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, атаулар арқылы аймақтың тарихи кезеңдері, соның ішінде көшпелі және отырықшы қоғамдар дәуірі, сауда жолдарының қалыптасуы, мәдени және діни байланыстар зерттеледі. Атаулардың этнографиялық мәні, халық аңызы мен аңыздарымен байланысы да қарастырылады. Бұл зерттеу Павлодар өңірінің жер-су атауларын тек географиялық немесе сөздік тұрғыдан емес, сонымен қатар тарихи және мәдени контексті арқылы қарастыруға бағытталған. Мақала өңірдің атауларының тарихи-мәдени рөлін көрсету арқылы жергілікті мәдениеттің сақталуына және зерттелуіне үлес қосады. Жер-су атауларының түпкі мағынасын ашу аймақ тарихын және халықтың табиғатпен қарым-қатынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу өңірдің мәдени картасын жасауға, туристік әлеуетін арттыруға және жергілікті қоғамның тарихи санасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: Павлодар облысы, Ертіс өзені, Баянауыл, жер-су атаулары, аномастика, тарихи-мәдени талдау, лингвистикалық зерттеу, географиялық нысандар, мәдени мұра, тарихи кезеңдер

Аннотация

Павлодарский регион расположен на северо-востоке Казахстана и является одним из областей, отличающихся своим историческим и культурным наследием. Названия географических объектов региона формировались на протяжении многих веков и отражают образ жизни народа, его культуру, связь с природой и исторические события. Аномастика- изучение названий мест и водных объектов- позволяет глубже понять историко-культурный облик региона. В статье рассматриваются такие ключевые географические объекты, как город Павлодар, река Иртыш и Баянаульские горы, их происхождение, значение и связь с историей народа. Лингвистический анализ названий помогает выявить особенности развития казахского языка, а также влияние на регион различных народов. Кроме того, через названия исследуются исторические периоды региона, включая эпоху кочевых и оседлых обществ, формирование торговых путей, культурные и религиозные связи. Рассматривается также этнографическое значение топонимов, связь с народными легендами и преданиями. Данное исследование направлено на изучение названий мест и водных объектов Павлодарской области не только с географической или словарной точки зрения, но и в историко-культурном контексте. Статья демонстрирует историко-культурную роль топонимов, способствуя сохранению и изучению местной культуры. Раскрытие первичного значения топонимов позволяет глубже понять историю региона, взаимоотношения народа с природой, а также способствует созданию культурной карты области, развитию туристического потенциала и формированию исторического сознания местного населения.

Ключевые слова: Павлодарская область, река Иртыш, Баянаул, топонимы, аномастика, историко-культурный анализ, лингвистическое исследование, географические объекты, культурное наследие, исторические периоды.

Abstract

The Pavlodar region, located in the northeast of Kazakhstan, is one of the areas distinguished by its rich historical and cultural heritage. The names of the region's geographical objects were formed over many centuries and reflect the lifestyle of the people, their culture, the connection with nature, and various historical events. Onomastics-the study of place names and hydronyms makes it possible to gain a deeper understanding of the historical and cultural identity of the region. This study examines key geographical objects such as the city of Pavlodar, the Irtysh River, and the Bayanaul Mountains, focusing on their origins, meanings, and connections to the history of the local population. Linguistic analysis of these names helps identify features of the development of the Kazakh language as well as the influence of different ethnic groups on the region. Furthermore, the study of place names provides insights into the historical periods of the region, including the eras of nomadic and sedentary societies, the formation of trade routes, and various cultural and religious interactions. The research also highlights the ethnographic significance of toponyms and their connection with local legends and oral traditions. This article aims to study the place names and hydronyms of the Pavlodar region not only from a geographical or lexical perspective but also within a historical and cultural context. The study demonstrates the historical and cultural role of toponyms, contributing to the preservation and understanding of local heritage. Revealing the original meanings of toponyms provides a deeper understanding of the region's history, the relationship between the population and the natural environment, and supports the development of a regional cultural map, the enhancement of tourism potential, and the formation of the local community's historical consciousness.

Keywords: Pavlodar region, Irtysh River, Bayanaul, toponyms, onomastics, historical and cultural analysis, linguistic research, geographical objects, cultural heritage, historical periods.

Кіріспе

Павлодар облысы Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және оның жерсу атаулары өңірдің тарихи дамуы мен мәдени мұрасын айнадай көрсетеді. Өңірдің географиялық ерекшеліктері- Ертіс өзені, Баянауыл таулары, Кендірлі мен Ақсу өзендері, әртүрлі көлдер мен арықтар- өзінің атауларымен ғана емес, тарихи оқиғалар мен халықтың тұрмыс-салт дәстүрімен тығыз байланысты. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілемейді, сонымен бірге халықтың көшпелі өмір салты, мал шаруашылығы, аңшылық және балықшылықпен айналысу дәстүрлерін де бейнелейді. Олар арқылы аймақтың өткені мен қазіргі өмірі арасындағы байланыс айқын көрінеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Ертіс өзені ежелгі заманнан бері өңірдің экономикалық және стратегиялық дамуына ықпал еткен. Өзен бойында қалыптасқан поселкелер мен бекіністер аймақтың тарихи картасын жасауда маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар, Ертіс өзені арқылы сауда жолдары жүргізіліп, көрші аймақтармен байланыс орнатылған, бұл жер-су атауларына да өз әсерін тигізген. Баянауыл таулары мен айналасындағы жерлер халық аңыздары мен тарихи оқиғалар арқылы атауларын алған. Бұл атаулар тек жерді сипаттап қана қоймай, халықтың өткені мен тұрмысын, оның мәдени ерекшеліктерін, өмір сүру дәстүрлерін бейнелейді, сондай-ақ халықтың табиғатқа деген қатынасын көрсетеді. Павлодар өңірінде атаулардың қалыптасуы әр дәуірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен тығыз байланысты. Қазақ хандығы дәуірінде бұл жерлер көшпелі халықтардың жайлау, қыстау аймақтары ретінде қолданылған, ал Ресей империясының отарлау кезеңінде жаңа поселкелер мен бекіністер салынған. Сол кезеңдерде жер-су атауларына жаңа мәндер қосылып, кейбірі тарихи оқиғаларға байланысты өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, белгілі шайқастар, сауда жолдары немесе белгілі тұлғалардың есімдері кейбір өзендер мен көлдердің атауларына енгізілген. Сонымен қатар, Павлодар өңіріндегі атаулар тарихи процестердің ұзақ мерзімділігі мен халықтың табиғатқа деген қатынасын көрсетуге мүмкіндік береді. Олар арқылы жергілікті қауымдардың өмір сүрген аймақтары, шаруашылық қызметтері, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты туралы деректерді анықтауға болады. Жер-су атаулары аймақтың саяси және әлеуметтік тарихын зерттеуге де мүмкіндік береді. Мысалы, бекіністер мен қоныстардың орналасуы, өзендер мен көлдерге берілген атаулар арқылы халықтың тарихи қорғаныс және шаруашылық жүйесін бақылауға болады. Тарихи көзқарастан қарағанда, Павлодар өңірінің жер-су атаулары халықтың тарихи жадын сақтайтын маңызды деректер болып табылады. Олар арқылы өткен дәуірлердегі әлеуметтік құрылым, экономикалық әрекеттер, көшпелі өмір салты және мәдени дәстүрлер туралы мәліметтерді толық зерттеуге болады. Жер-су атаулары аймақтың тарихи бейнесін қалыптастырып, оның мәдени мұрасының сақталуына, болашақ ұрпаққа жеткізілуіне және өңірдің тарихи сабақтастығын түсінуге қызмет етеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеу Павлодар өңірінің жер-су атауларын тарихи-мәдени талдау тұрғысынан қарастыруға бағытталған. Материалдар ретінде өңірдің археологиялық деректері, тарихи жазбалар, карталар, халық аңыздары мен тарихи-этнографиялық еңбектер қолданылды. Сонымен қатар, аймақтық музейлердегі құжаттар мен архивтік мәліметтер де зерттеудің негізгі ақпарат көзі болды. Зерттеу барысында тарихи-аналитикалық әдіс қолданылды, ол арқылы атаулардың шығу тарихы, олардың қалыптасу кезеңдері және тарихи оқиғалармен байланысы талданды. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланыла отырып, Павлодар өңірінің жер-су атаулары көрші өңірлердегі топонимдермен салыстырылды. Бұл әдіс атаулардың жалпы тарихи контекстін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде сондай-ақ деректерді жүйелеу және сандық талдау әдістері қолданылды. Жер-су атауларының топографиясы мен олардың тарихи деректердегі кездесу жиілігі есепке алынды. Аймақтың этнографиялық сипаттамалары мен халықтық дәстүрлері зерттеу материалдарын толықтырды. Осылайша, тарихи жазбалар, картографиялық деректер, архив құжаттары және халық аңыздары бірлесіп зерттеліп, Павлодар өңірінің жер-су атауларының тарихи-мәдени бейнесін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Павлодар өңірінің жер-су атауларын зерттеу барысында олардың тарихи және мәдени маңызы айқын көрінеді. Өңірдің атаулары тек географиялық нысандарды сипаттап қана қоймай, халықтың тарихи өмірін, тұрмысын және рухани әлемін бейнелейді. Бұл тұрғыдан қарағанда Павлодар қаласының тарихи атаулары ерекше қызығушылық тудырады. Қазақтар арасында Павлодар қаласы бүгінге дейін «Кереку» атауымен белгілі. Патшалық және кеңестік кезеңнің мұрағаттық материалдарын негізге алған бірқатар тарихшылар мен өлкетанушылар бұл атаудың шығуын өзінше

түсіндіреді. Олардың пікірінше, XVIII ғасырдың басында Н. Коряков есімді адам Ресейдің Тара қаласынан қазіргі Павлодар аумағына келіп қоныстанған. Кейінірек, 1720 жылы осы жерде орыс әскері тұрғызған форпост сол Коряковтың құрметіне «Коряковский» деп аталған. Ал «Кереку» атауы сол орысша топонимнің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қалыптасқан деген көзқарас кең таралған[4]. Жерсу атауларына жасалған талдау нәтижесі Павлодар облысы аумағында идеологиялық мазмұны ескірген топонимдердің әлі де кең таралғанын көрсетеді. Атап айтқанда, өңірде кенестік кезеңге тән атаулар жиі сақталған: «Ленин» атауы - 40 рет, «Совет» атауы-11 рет тіркелген[5;240-241]. «Кереку» атауының шығу тарихы нақты болмаса да, кейбір зерттеушілер оны «кереге», «керегетас» сияқты түркі тіліндегі сөздермен байланыстырады. Бұл нұсқа бойынша атау халықтың тұрмыстық тәжірибесімен, көшпелі өмір салтымен байланысты болып, сол кезеңдегі қоныстар мен табиғи нысандарға берілген. Кереку атауы арқылы аймақтың тарихы мен халықтың табиғатқа деген қатынасы көрінеді.

Ресей империясы Ертіс өзені бойында Өскемен, Семей, Осьмережская, Песчанная, Черноярская, Ямышевская және Коряков форпосты тәрізді бірқатар әскери бекіністер жүйесін қалыптастырды[7]. Уақыт өте келе бұл бекіністердің кейбірі стратегиялық маңызы мен қолайлы орналасуының арқасында ірі экономикалық орталықтарға айналды. Солардың ішінде алғашында Коряков форпосты ретінде негізі қаланған Павлодар қаласы да бар еді, ол кейіннен өңірдің маңызды қалаларының біріне айналды[2;2022-2]. Бұл бекініс Ертіс өзені бойында стратегиялық мақсатта орналастырылған, сондай-ақ тұз өндірісі үшін маңызды болған. Сол себепті бекініс «Коряков» деп аталған, бұл ресми құжаттарда және карталарда көрініс тапқан. Коряковский бекінісі ауыл шаруашылығы мен сауда-саттықты дамытуда маңызды рөл атқарған жни қаланың экономикалық дамуына негіз болған.

1861 жылы Ресей империясының патшасы Александр II жарлығымен Коряков бекінісі ресми түрде «Павлодар» деп аталды[2;2022-2]. Бұл атау императордың ұлы, ұлы князь Павел Александрович құрметіне қойылған[7]. Сол кездегі патшалық құжаттарда қалаға статус берілгендігі жазылған және картада ресми атауы бекітілген. Осылайша, тарихи деректер бойынша, қала атауының өзгеруі әкімшілік реформалар мен Ресей империясының отарлық саясатына тікелей байланысты болды. Тарихи кезеңдердегі атауларға қарап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын аңғаруға болады. Мысалы, Ертіс өзені бойындағы қоныстар мен бекіністердің атаулары көбіне экономикалық қызметпен- сауда, мал шаруашылығы, балықшылықпен байланысты болған. Сонымен қатар, көрші аймақтардан келген көшпелі халықтардың ықпалы да айқын көрінеді: кейбір атауларда көрші этностардың сөздері немесе мәдени элементтері ескерілген. Осы атаулар арқылы Павлодар өңірінің көпқабатты мәдени құрылымы және әртүрлі тарихи кезеңдердің әсері көрініс табады.

Баянауыл тауларының атауы тарихи және мифологиялық тұрғыдан ерекше маңызға ие. Кейбір ғалымдар «Баянауыл» атауы екі компоненттен тұратынын және олардың екеуі де моңғол тілінен енгенін атап көрсетеді. Шоқан Уәлиханов осы атаудың жергілікті халық қолданысына моңғол тілінен ауысқанын алғаш болып ғылыми түрде дәлелдеп, оның түпнұсқалық формасы «Баян-Ола» екенін көрсеткен. Ғалымның түсіндіруінше, бұл атау уақыт өте келе «Баянаула» немесе «Баянауыл» түрінде өзгеріп, «берекелі, көркем, бай таулы өңір» деген мағынаны білдіреді[3;2022-171]. Қазақ топонимдерінде мифологиялық қабат жиі кездеседі, және Баянауыл- осы заңдылықтың нақты мысалы. Оның атауы «Баян» деп аталатын батыр немесе халық аңызына байланысты делінеді. Сонымен бірге, «ауыл» немесе «жер» мағынасы таулар мен төбелерді сипаттайды[1;2025-38]. Аңыздар мен эпикалық жырларда Баянауыл киелі жер ретінде қарастырылған, халық оның табиғат күштерімен байланысты екеніне сенген. Гравитациялық процестердің (опырылу, көшкін, солифлюкция) әсерінен көптеген орографиялық атаулар қалыптасқан: Домалақтау, Далба, Жалаңаш, Жалпақ, Қарашошақ, Кенесары үңгірі (Көкшетау), Қоңыр Әулие үңгірі (Баянауыл, Шыңғыстау ауданы), Бектау-Ата үңгірі (Прибалқаш өңірі), Аюшат (Жаңаарқа ауданы), Текше, Төрткүл, Мыржық, Опырылмалы, Үрпектес және т.б. Бұл атаулар таулардың сыртқы морфологиясы туралы ақпарат береді. Баянауыл тауларындағы үңгірлер талай құпияны сақтап келеді. Ауылетас - аңыз бойынша, қасиетті суы бар, емдік қасиетке ие тау үңгірі. Үңгір біртіндеп тарылып, 22 метрге дейін жетеді. Құмыра - биіктігі 3 метрлік сарқырамасы бар тау үңгірі.[1;2025-128]. «Баянауыл» атауының шығуы жөнінде түркілік түбірлерге негізделген көзқарас бар. Кейбір зерттеушілер бұл топоним көне түркі тіліндегі «байана және ауыл» сөздерінің бірігуінен пайда болған деп пайымдайды. Осы тұрғыдан алғанда, атаудың бастапқы мағынасы «ана тәңірісінің қонысы» немесе «қасиетті әйел бейнесімен байланысты мекен» деген түсінікті білдіруі мүмкін. Мұндай болжамды аймақтың табиғи ерекшеліктері де жанама түрде қолдайды. Кең жазықтың ортасында орналасқан таулы оазис іспетті Баянауыл өзіндік көркем келбетімен, ерекше үйлесімділігімен және табиғи сұлулығымен көзге түсіп, ежелгі дәуірлерде киелі орын ретінде қабылданған болуы ықтимал.[3;2022-173]

Тарихи-мәдени зерттеу әдістері (тарихианалитикалық, салыстырмалы-тарихи, архивтік және картографиялық талдау) Павлодар өңіріндегі жер-су атауларын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Архив деректері, патшалық құжаттар, карталар және халық аңыздары біріктіріліп, өңірдің тарихи дамуы мен мәдени ерекшеліктері толық көрсетілді. Осы талдау негізінде Павлодар қаласының атауы мен Кереку/Коряков дәуірлік атауларының айырмашылығы түсінікті болады. Кереку- халық жадындағы тарихи атау, ол көшпелі өмір салты, табиғатпен үйлесімділік, экономикалық әрекеттермен байланысты. Коряков- ресми орыс бекінісі, патшалық құжаттарда тіркелген, кейін 1861 жылы «Павлодар» деп ресми бекітілген. Сонымен қатар, Баянауыл атауы мифологиялық қабаты арқылы өңірдің мәдени ерекшелігін ашады, халықтың рухани дүниесін және тарихын көрсетеді. Павлодар өңірінің жер-су атаулары тарихи-мәдени және мифологиялық тұрғыдан зерттелуі олардың тек географиялық нысандар емес, халықтың тарихи жадын, мәдени дәстүрін, табиғатқа қатынасын бейнелейтін маңызды элемент екенін дәлелдейді. Кереку/Коряков атаулары мен Баянауыл мифологиялық атауы зерттеу объектісінің кешенділігі мен тарихи контекстін айқындайды.

Нәтиже

Павлодар өңірінің жер-су атауларын зерттеу нәтижесінде олардың тарихи-мәдени, әлеуметтік және мифологиялық мәні толық көрінді. Талдау барысында анықталғандай, өңірдің атаулары тек географиялық объектілерді сипаттап қана қоймай, халықтың өмірі мен тұрмысын, шаруашылық әрекеттерін, тарихи кезеңдердің әлеуметтік және саяси жағдайын бейнелейді. Ең алдымен, Павлодар қаласының атауының тарихи аспектісі қарастырылады. Архив деректері мен патшалық құжаттар көрсеткендей, қазіргі қала орны бұрын қазақтар арасында «Кереку» деп аталған. Бұл атау халық жадында ғасырлар бойы сақталған және ол көшпелі өмір салтының, табиғатпен үйлесімділіктің, сондай-ақ экономикалық әрекеттердің көрінісі болып табылады. Кереку атауының түбірі түркі тілінде «кереге», «керегетас» секілді тұрмыстық мағынаға ие сөздерге байланысты деп саналады, бұл атаудың халық мәдениеті мен тұрмыстық тәжірибемен тығыз байланысты екенін көрсетеді. XVIII ғасырда Ресей империясы қазіргі Павлодар жерінде Коряковский форпостын салды. Бұл бекініс Ертіс өзені бойында стратегиялық тұрғыдан маңызды орналасқан және тұз өндірісімен байланысты болған. Коряков бекінісі мен оның айналасындағы қоныстардың атаулары ресми құжаттар мен карталарда көрініс тапқан. 1861 жылы патша Александр II жарлығымен қала ресми түрде «Павлодар» деп аталып, қала мәртебесіне ие болды. Бұл шешім Ресей империясының әкімшілік және саяси саясатының көрінісі болып табылады. Осы тарихи процестер жер-су атауларының қалыптасуына және олардың әлеуметтік-экономикалық маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Ертіс өзені бойындағы қоныстар мен бекіністердің атаулары экономикалық қызметпен, сауда-саттық, мал шаруашылығы, балықшылықпен тығыз байланысты болған. Сонымен қатар, көрші аймақтардан келген көшпелі халықтардың ықпалы да атауларда көрініс тапқан. Кейбір атауларға көрші этностардың сөздері немесе мәдени элементтері енген, бұл Павлодар өңірінің көпқабатты мәдени құрылымын, әртүрлі тарихи кезеңдердің әсерін көрсетеді.

Баянауыл тауларының атауы мифологиялық қабат арқылы өңірдің мәдени ерекшелігін ашады. «Баян» есімі халық эпосы мен аңыздарында батыр немесе махаббат нышаны ретінде кездеседі. «Ауыл» немесе «жер» қосымшасы таулар мен төбелерге қатысты, яғни Баянауыл атауы халықтың сенімі мен дүниетанымын бейнелейді. Мифологиялық аңыздарда таулар табиғат рухтарымен, батырлардың ерліктерімен, киелі орындармен байланысты көрінеді. Бұл атаулар халықтың тарихи жадын сақтауға, мәдени дәстүрді ұрпаққа жеткізуге, сондай-ақ рухани әлемін бейнелеуге қызмет етеді. Қолданылған тарихианалитикалық, салыстырмалы-тарихи, архивтік және картографиялық әдістер Павлодар өңіріндегі жер-су атауларын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Архив деректері, патшалық құжаттар, карталар, этнографиялық және фольклорлық деректер біріктіріліп, өңірдің тарихи дамуы мен мәдени ерекшеліктері толық ашылды. Бұл әдістер арқылы біз тек атаулардың географиялық мәнін ғана емес, олардың әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани контекстін де түсіне аламыз. Нәтижесінде, Павлодар өңірінің жер-су атауларының тарихи-мәдени маңызы бірнеше аспектіден көрінеді. Біріншіден, Кереку/Коряков атаулары арқылы қала тарихының қалыптасуын, патшалық Ресей кезеңіндегі әкімшілік және әскери саясатты, сондай-ақ экономикалық дамуын аңғаруға болады. Екіншіден, халық жадында сақталған Кереку атауы халық мәдениетінің, көшпелі өмір салтының, табиғатқа деген қатынастың көрінісі болып табылады. Үшіншіден, Баянауыл атауы мифологиялық қабат арқылы өңірдің рухани және мәдени өмірін ашады, халық эпосы мен аңыздарында батырлық пен киелі жерлердің символикасын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу көрсеткендей, Павлодар өңіріндегі жер-су атаулары тек географиялық объектілер емес, сонымен қатар тарихи, мәдени және мифологиялық ақпарат көздері болып табылады. Олар халықтың тарихи санасын сақтап, мәдени

дәстүрлерді ұрпаққа жеткізуге, табиғатпен үйлесімді өмір сүру дәстүрін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Кереку/Коряков дәуірлік атаулары мен Баянауыл мифологиялық атауы өңірдің тарихи және мәдени бейнесін толық көрсетеді, зерттеу объектісінің кешенділігін айқындайды.

Осыған байланысты, жер-су атауларын зерттеу тек тілдік немесе картографиялық тұрғыда ғана емес, тарихи, мәдени және мифологиялық контексті арқылы қарастырылғанда ғана толық ғылыми мәнге ие болады. Павлодар өңірі мен Баянауыл атауларының тарихи-мәдени зерттелуі өңірдің мәдени мұрасын сақтау, болашақ ұрпаққа жеткізу және Қазақстанның тарихи-мәдени картасын толықтыру үшін маңызды. Павлодар өңірінің жер-су атаулары мен Баянауылдың мифологиялық атауы тарихи, әлеуметтік, экономикалық және рухани маңызын біртұтас жүйе ретінде көрсетеді. Олар аймақтың тарихын, мәдени дәстүрін, халық өмірін және табиғатқа деген қатынасын бейнелейді, зерттеу үшін бай дереккөз ретінде қызмет етеді.

Қорытынды

Павлодар өңірінің жер-су атауларының тарихи, мәдени және мифологиялық мәні жанжақты қарастырылды. Павлодар қаласының бұрынғы атауы- Кереку, сондай-ақ ресми Коряков бекінісі мен 1861 жылы берілген «Павлодар» атауы тарихи деректер арқылы толық дәлелденді. Кереку атауы халық жадында ғасырлар бойы сақталып, көшпелі өмір салты, табиғатпен үйлесімділік, тұрмыстық және шаруашылық әрекеттердің көрінісі ретінде қарастырылады. Коряков бекінісі мен ресми Павлодар қаласы Ресей империясының әкімшілік және саяси саясатының нәтижесінде қалыптасқан тарихи факт болып табылады. Зерттеу көрсеткендей, жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеу үшін ғана емес, сол кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымның айнасы ретінде қызмет етеді. Ертіс өзені бойындағы бекіністер мен қоныстардың атаулары экономикалық қызметпен тығыз байланысты болды, ал көшпелі халықтардың мәдени ықпалы атауларда көрініс тапқан. Бұл деректер өңірдің тарихи-әлеуметтік дамуын, халықтың тұрмысын және этнографиялық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Баянауыл атауларының атауы мифологиялық қабат арқылы өңірдің рухани және мәдени өмірін ашады. Халық аңыздары мен эпикалық жырларда атаулар киелі орындар ретінде сипатталып, батырлардың ерліктері, табиғат рухтарының әсері, махаббат пен адалдық идеялары бейнеленген. Бұл атаулар халықтың тарихи жадын сақтауға, мәдени дәстүрлерді ұрпаққа жеткізуге, табиғатқа деген қатынасты көрсететін маңызды фактор болып табылады. Нәтижесінде, Павлодар өңіріндегі жер-су атаулары мен Баянауылдың мифологиялық атауы кешенді зерттеуді талап етеді. Олар тарихи, мәдени, әлеуметтік және рухани контексті біріктіріп, өңірдің толық тарихи бейнесін көрсетеді. Атаулар арқылы халықтың тарихи санасы, тұрмысы, табиғатқа қатынасы және мәдени ерекшеліктері көрінеді.

Қорыта айтқанда, зерттеу Павлодар өңірінің жер-су атауларының маңыздылығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Кереку/Коряков дәуірлік атаулары мен Баянауыл мифологиялық атауы өңірдің тарихи, мәдени және рухани ерекшеліктерін бейнелейді. Бұл нәтижелер өңірдің тарихи мұрасын сақтау, мәдени дәстүрді ұрпаққа жеткізу және Қазақстанның тарихи-мәдени картасын толықтыру үшін маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Егинбаева А. Е. Топонимика Сарыарки: монография. - Алматы: Эверо, 2025. - 328 б.
2. Дюсебаева Г.К., Жусупова А. Д. Из истории становления и развития города Павлодара в аспекте истории повседневности (конец XIX - начало XX вв.) - 2022.
3. Тектігүл Ж. О., Дузмагамбетов Е. А., Баядилова-Алтыбаева А. Б. Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты // Филология сериясы (Al-Farabi Kazakh National University). - 2022.
4. Кереку орта ғасырларда: қазіргі Павлодар қаласының орнында салынған байырғы қоныстың атауы // On.kz. - URL: <https://on.kz/fromsocial/kereku-orta-gasyrlarda-qazirgi-pavlodar-qalasy-nyn-ornynda-salyngan-baiyrgy-qonystyn-atauy-129497>
5. «Павлодар облысының тарихи және қазіргі атаулары» / «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» республикалық семинарының қатысушыларына арналған материалдар. - Астана, 2017.
6. Артыкбаев Ж. О. Среднее Прииртышье в контексте проблем истории Евразийских степей (этноисторический и этноархеологический опыт исследования). - Павлодар: ЭКО, 2007
7. История г. Павлодара / cbspvl.kz. - 2025. - URL: <https://cbspvl.kz/projects/Pamyatniki/1-histcity.pdf>